

«Молдір бұлақ» бөбекжай-бақшасы

**Мейірімділік пен адалдық – егіз ұғым
(Адал азамат жобасы)**

Педагог-психолог: С.Копжасарова

Қайрат ауылы

Психологиялық ағарту жұмыстары

Тақырыбы: «Мейірімділік пен адалдық – егіз ұғым»

(«Адал азамат» жобасы)

Тобы: «Күншуақ» ересек тобы

Іс-шара түрі: Жоба таныстыру, көрме

Күні: 17.02.2026 ж

Мақсаты:

Балалардың мейірімділік пен адалдық туралы түсініктерін кеңейту, жақсы іс-әрекеттерді ажырата білуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Өткізу барысы:

Іс-шара балалармен әңгімелесуден басталды. «Мейірімділік деген не?», «Адал адам қандай болады?» деген сұрақтар қойылып, балалар өз ойларын ортаға салды. Жоба мазмұны түсіндіріліп, жағдаяттар арқылы дұрыс әрекеттер талқыланды.

Тапсырма:

Сурет

салу

Балаларға «Менің мейірімді ісім» немесе «Адал әрекет» тақырыбында сурет салу ұсынылды. Әр бала қағаз бетіне өз түсінігін бейнеледі. Психолог балаларға бағыт беріп, ойларын нақтылауға көмектесті. Суреттер дайын болған соң көрме ұйымдастырылды. Әр бала өз жұмысын таныстырып, суретінде қандай іс бейнеленгенін айтып берді. Балалар бір-бірінің жұмыстарын қарап, пікір алмасты.

Қорытынды:

Іс-шара нәтижесінде балалар мейірімділік пен адалдық туралы түсініктерін кеңейтті. Сурет салу арқылы өз ойларын еркін жеткізе алды. Балалардың жақсы іс жасауға деген ынтасы байқалды.

Анықтама

Психологиялық ағарту жұмыстары

Тақырыбы: Мейірімділік пен адалдық – егіз ұғым

(«Адал азамат» жобасы)

Тобы: «Күншуақ» ересек тобы

Іс-шара түрі: Жоба таныстыру, көрме

Күні: 17.02.2026 ж

Қатысушылар: 24

Мақсаты:

Мектепалды топ балаларының мейірімділік пен адалдық туралы түсініктерін кеңейту, жақсы іс-әрекеттерді саналы түрде таңдауға үйрету және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Өткізу барысы:

Іс-шара балалармен әңгімелесуден басталды. Балалар мейірімділік пен адалдық туралы өз ойларын айтып, өмірлік мысалдар келтірді. Жағдаяттық тапсырмалар арқылы дұрыс әрекеттер талқыланды.

Негізгі бөлімде тапсырма: сурет салу жұмысы ұйымдастырылды. Балаларға «Менің мейірімді ісім» және «Адал әрекет» тақырыптарында сурет салу ұсынылды. Әр бала өз түсінігін қағаз бетіне бейнеледі. Суреттер дайын болған соң көрме ұйымдастырылды. Балалар өз жұмыстарын таныстырып, салған суреттерінің мазмұнын түсіндірді.

Қорытынды:

Өткізілген іс-шара нәтижесінде балалар мейірімділік пен адалдық ұғымдарын тереңірек түсінді. Сурет салу арқылы өз ойларын еркін жеткізе алды. Іс-шара балалардың жағымды мінез-құлқын қалыптастыруға және адамгершілік қасиеттерін дамытуға оң әсер етті.

Балабақша психологы:

Қолы:

С. Делмұсаева